Тәрбие жұмысының 2023– 2024оқу жылындағы атқарылған жұмысының есебі.

Көсембай негізгі мектебінің 2023-2024оқу жылында 9-сыныпта 7-оқушы. Оның 2-і ер бала, 5-і қыз бала. Үздік-2. Бисенов Б. , Бөкенбай Э. Екпінді-2. Серікбай Н. , Мараткызы Н. Оқушылардың тәрбиесі өте жақсы. 9-сынып бойынша тәрбие сағаттары толық өтілді. Барлығы-34сағат.

Көсембай негізгі мектебінің тәрбие жұмысының жылдық жоспары бұйрыққа сай бекітіліп, тәрбие жұмыстары өткізілді.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы –адами құндылықтарға негізделген . Бұл құжат мектептердегі тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс.

**Мақсаты:** жалпыазаматтық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы азаматты тәрбиелеу.

Тәрбие жұмысын жүзеге асыру мақсатында «Талап», «Ар-Ұят», «Ұлттық мүдде» құндылықтары қосылып, тәрбие сағаттары жүргізілді

Ата-аналарды қолдау орталығы ашылып, ата- аналармен бірнеше сабақтар жүргізілді.

Аталған бағыттар бойынша жоспарға сай төмендегідей іс-шаралар өткізілді.

2023жылдың 1-қыркүйегінен бастап,Ақтөбе облысының барлық білім беру ұйымдарында ҚР білім министрлігінің 2023жылғы 19-қыркүйектегі №294 бұйрығымен және облыстық басқарманың бекітуімен енгізілген «Біртұтас тәрбие бағдарламасы » және ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының бағдарламасы жалпы ата-аналар жиналысында таныстырылды.







**«1 қыркүйек – Білім күні»** мерекесіне арналған мектепте бірыңғай тәрбие сағаттары мен қатар «Менің үлкен сыныптастарым» тақырыбында 9- сынып оқушылары бейнеролик түсірді.




7-8-9-сыныптар оқушылар арасында «Нашақорлық қоғам дерті» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

I. «Ұлттық – мүдде» құндылығы.

**Мақсаты:** Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы азаматтық құндылықтарымен,нормаларымен және дәстүрімен келісілген рухани-адамгершілік және асыл мұра екенін түсіндіру.Тәрбиеленушілерді-елжандылыққа ,терең ойлауға,ұлттық- салт дәстүрімізге байланысты білімдерін нығайту. Барлық сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілді. Сонымен қатар 5-қазан күні «Менің ұстазым » мерекелік іс шаралар өткізілді. Қазақстан Республикасының халықаралық Отбасы мерекесіне орай 14.09-21.09 күндер аралығында мектебімізде «Отбасы –бақыт мекені» тақырыбында апталық өтті.Апталыққа арналған жоспар құрылды.Апталыққа орай төмендегідей іс-шаралар ұйымдастырылып өз уақытымен өткізіліп отырды.

5-қазан Ұстаздар күніне орай мектебімізде жоғары сыныптар арасында «Дублер күні»өтті.



Осы бағыт бойынша 1-қазан қарттар күніне арналған «Қарттарым аман-сау жүрші!», «Қарттарым асыл қазынам» атты тәрбие сағаттары мен мерекелік шаралар өтілді.







26-қазан күні мектебімізде аудандық білім бөлімінің жоспарына сәйкес жастар арасында синтетикалық есірткенің зияны мен нашақорлықтың зардаптары туралы,сонымен бірге құқықбұзушылықтың алдын алу туралы мамандар дәріс өткізді.






Республика күніне орай Әнұран орындау бірыңғай сынып жетекшілерімен бірге челинджі өтті.

Мектебіміздің кітапханашысы: Қалиева Бұлбұл апай «Кітапты жан азық деп қанып іш…» атты кітапханалық танымдық ойын сағаттары өтілді. **Мақсаты:** білімнің кітап арқылы берілетінін, адам өміріндегі маңызы, ғылым мен пайдасын түсіндіру.





II. «Талап» құндылығы.

**Мақсаты:** Сыни және креативті ойлауға, жаңаны тануға құштар болу ға және де салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.

20-қарашада ҚР-сы Оқу-ағарту министрі Ғ.ББейсенбаевтың тікелей тапсырмасы бойынша алғаш рет ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың 1-ші кезені болды. Оған еліміздің шалғай аудандарынан 9-11-сынып оқушылары қатысты.





Жаратылыстану пәндер бірлестігінің *он күндік апталығы жоспарға сай бекітіліп.* Керемет апталықтар өткізілді. Сол апталыққа белсене қатысты. Сыныптан тыс жұмыстар, «Көңілді қоңырау» айдарлары өтті,сонымен қатар кино әлемінде ,ауыл клубында кинолар қарады.



Мектебімізде сонымен қатар, **«Досбол Like» жобасы аясында «Екі жұлдыз» ән байқауы** ұйымдастырылып,сыныбымыздан Алпысбай Ұлту мен ағасы Алпысбаев Бақытжан қатысып, бас жүлдені жеңіп алды. Байқау 3-кезеңнен турды. 1-«Балалар әні», 2-кезең «Салт-дәстүр», «Хит әндер »



Наурыз мейрамдарын тойлауға бағытталған «Наурызнама» тұжырымдамасына сәйкес «18-наурыз –Ұлттық киім күні». Осы күнге сәйкес қыз балалар арасында «Ұлттық киім-ұрпаққа ұран» тақырыбында дефиле ұйымдастырылды және де «Ұлтымыз Ұлыстың ұлы күнін ұлықтайды» тақырыбы бойынша дебат өткізілді.

**«Даналық мектебі»** іс-шара жоспарына сай *жеңгелер клубымен «Мұны қыздар білуі тиіс»* тақырыбында интерактивті сабақ өтілді. **Сабақтың мақсаты:** қазақтың дәстүрлері, отбасындағы тәрбиеге ықпалды жеңгелер мектебінің жұмысын келіндердің педагогикалық мәдениетін көтеру арқылы қыз баланы тәрбиелеудің этнопедагогикалық мүмкіндіктерін көтеру.Бұл сабаққа сыныбымыздан Бөкенбай Эльмира жеңгесі Қарашашпен, Алпысбай Ұлту жеңгесі Елемесова Мөлдірмен бірге қатысты.




1-мамыр Қазақстан халықтарының Бірлігі күніне орай «Ынтымағы жарасқан туған өлкем-Қазақстан » тақырыбы бойынша бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді.



6-мамыр күні мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын қолдау мақсатында «Түлектердің ағаш егу» челенджі аясында 9-сынып түлектері мектеп ауласына қайың ағаштарын отырғызды.





«Отбасындағы –тұрмыстық саладағы құқықбұзушылықтың алдын алу туралы заңнаманы қолданудың тиімділігі» тақырыбында ата-аналармен жұмыс жүргізілді.

III. «Ар-Ұят» құндылығы.

**Мақсаты:** Адамды ар,ұят әдепті болуға жетелейді. Адал еңбекті құрметтеу. Ар-ұят адамның жеке өмірінің әр түрлі оқиғаларын көре білу, бағалай білу және оған қайғыра білу қабілеті.

Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру. Жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы өтті. «Ана деген тіршіліктің тірегі» атты құттықтау презинтациясын мектебіміздің оқушы ұлдары ұйымдастырып жылы лебіздерін білдірді. «Ана өмірдің гүлі», «Ана-өмірдің шуағы» атты тақырыпта 1-9-сынып оқушылары арасында тәрбие сағаты болып өтті.





Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталы бойынша 8-сабақ жүргізілді. Ата-аналр белсенділікпен катысты.

Қазақтың ұлы ғалымы Қ.И. Сатбаевтың туғанына 125ж. толуына орай мектеп оқушылары «Адам өміріндегі ғылым» тақырыбында оқушылар бірыңғай дикант жазды.

«Қазақтың жарық жұлдызы» тақырыбында 5-9-сыныптар арасында бірыңғай тәрбие сағаттары өтілді.



«Отбасы махабаты неде?» дөңгелек үстелі өтті.